

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023**

**«QAZAQSTAN» ҰЛТТЫҚ АРНАСЫНЫҢ DIGITAL ПЛАТФОРМАҒА КӨШУ  
ҮРДІСІ (ұлттық арнаның Instagram парақшасы мен YouTube арнасының  
2022 жылғы желтоқсан айындағы көрсеткіштері негізінде)**

**Омирбаев А.А.**

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

[omirbayevabl@gmail.com](mailto:omirbayevabl@gmail.com)

**Ғылыми жетекшісі – С.Е.Тапанова**

Ұлттық статистика Бюросының мәліметтеріне сүйенсек, елімізде 6-74 жас аралығындағы адамдар арасында интернет қолданушыларының жалпы үлесі 88,2% құрайды. Олардың бәрі түрлі контент көреді. Әрқайсысы жасына, қызығушылығына, жынысына, қоғамдық көзқарасы мен талғамына сай өзіне қызық контентті іздеп-табуға тырысады. Жаһандық даму заманында әр адамның не көретінін бақылап, қарау қиындық туғызбайды. Сол себепті де отандық теленарықтағы ірілі-шағын арналар бәсекелестікке төтеп бере білу үшін өз аудиториясын қызықтыруға барын салып, телекөрсетімдерін сақтап қалғысы келеді. Сәйкесінше тек телекестедегі контентін емес, әлеуметтік желі платформасындағы контентін де түрлендіруге тырысады. Ол үшін Digital-платформадағы аккаунттарын, яғни парақшаларын, YouTube арналарын жаңартып отырады.

«Қазақстан» РТРК – еліміздегі ең үлкен телеәулет. Оның құрамына «Қазақ радиолары» бірлестігі мен «Балапан», «Қазспорт» арналары кіреді. «Қазақстан» ұлттық арнасы – елімізде тек қазақ тілінде ақпарат тарататын жалғыз телеарна. Корпорация өз жұмысын әлеуметтік желіде де таныту, насихаттау жұмысын қолға алған. Осы мақсатта ұлттық арна өзінің Instagram, TikTok, Facebook желілеріндегі парақшаларын, сондай-ақ YouTube арнасын ашқан. Сондай-ақ, ұлттық арнаға тиесілі qazaqstan.tv веб-сайты жұмыс істейтіні жалпыға белгілі. Кез келген дамыған елдегі басты арналардың веб-сайттары өте қарқынды жұмыс істейді. Көрнекі, ыңғайлы, ашық әрі қолжетімді. Ұлттық арнаға тиесілі веб-сайт та сол қағидаларға сай жұмыс істейді.

Еуразиялық ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері Дәурен Әбеннің айтуынша, «кез келген өзін сыйлайтын БАҚ әлеуметтік желіде тек веб-сайтын ғана емес, парақшасын да ашуы керек. Себебі, шындығына келсек, әлеуметтік желі контент генерациясында үлкен рөл ойнайды. Ақпараттық сюжеттерге тәуелсіз мониторинг жасасақ, әлеуметтік желілердің қосқан үлесі зор деуге болады. Дәстүрлі БАҚ пен әлеуметтік желілер күннен-күнге бірін-бірі толықтыра түсуде» [1]. Шынында да, қазір кез келген телеарнаның даму көрсеткіштерін айқындап көрсетіп беретін бірден-бір құрал – ол әлеуметтік желідегі парақшалары. Басты арнаның әлеуметтік желідегі контент генерациясына қалайша әсер етіп жатқанын тек нақты деректер мен статистикаға сүйеніп барып қана айтуға болады. Осы зерттеу жұмысында ұлттық арнаның Instagram парақшасы мен YouTube арнасының 2022 жылғы қараша айындағы көрсеткіштері сараланған. Солардың нәтижесінде қаралым санын, қандай бағдарлама интернет қолданушыларына қызық болғанын байқауға болады. Ұлттық арнаның Instagram парақшасына қазіргі таңда 612 мыңнан астам қолданушы тіркелген. Салынатын посттар 1 сағат, тіпті одан аз уақытта жаңартылып отырады. Ұлттық арнаның цифрлық жүйедегі басты тетігіне айнала білген бұл аккаунт қазір үлкен қозғаушы күшке айналды.

YouTube арнаға келер болсақ, ол 2010 жылы 1 шілдеде ашылған екен. Осыған дейін жалпы ұлттық арнаның YouTube-тағы контентінің қаралым саны 1 млрд 16 млн 586 492 асты. Онда бір тәулік ішінде 20-22 шақты бейнематериалдар салынады. [2] iTUBE видеохостингіндегі арнасы 2009 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Көрсетімдер өздеріне қолдануға ыңғайлы болу үшін және теледидардан өткізіп алған кино-сериалдарды қайта қарау үшін осы видеохостингке кіріп, ішінен ұнағанын көріп, тамашалай алады. Бұл да –

берілген үлкен мүмкіндіктердің бірі. Осы ретте сәйкесінше телеарнаның сайты да өте қарқынды жұмыс істеп келеді. Сайтты бір айдың ішінде 464 588 адам қолданып, қаралым саны 1 875 367 жетті. Күніне орташа есеппен 7-10 пост салынады. Facebook желісіндегі парақшасында 266 000 тіркелуші бар. Күніне орташа есеппен парақшаны 100 адам қарайды екен. [3]

1.Елімізде 6-74 жас аралығындағы адамдар арасында интернет қолданушыларының жалпы үлесі 88,2% құрайды. Яғни олардың ішінде ұлттық арнаның digital-платформасын қолданатын потенциалды адамдар бар.

2. Әлеуметтік желідегі қаралым, бөлісу, жариялау көрсеткіштеріне, сондай-ақ жазылған пікірлер саны мен сыни посттар жазу арқылы ұлттық арна өнімінің (телехикаялар, tv бағдарламалар, жаңалықтар топтамасы, арнайы хабарлар) қандай деңгейде екенін, сұранысқа ие немесе ие емес екенін анықтауға болады.

3.Интернет-БАҚ пен әлеуметтік желілер бүгінде ажыратылмас бөлшектерге айналды. Қолданушылар бір мезетте коммуникатор да, реципиент те бола алады. Қандай ақпаратты аламын десе де, оларда таңдау мүмкіндігі бар. Олар өздерінің ақпараттық арналарының рөліне еніп, ақпараттарды әрі қарай тарата алады.

4.Әлеуметтік желілерді саяси элита да меңгеріп келеді. Халықпен байланысқа шығудың оңтайлы әдісі – әлеуметтік желі. Әрине, саясаткерлердің барлығының блогқа көңіл бөлуіне уақыт жоқ, сол себепті оларда арнайы копирайтерлер жұмыс істейді.


Ұлттық арнаның онлайн платформаға көшу үрдісін анықтай отыра, Instagram парақшасы мен YouTube арнасының қараша айындағы көрсеткіштері негізінде қаралым санына талдау жасап, қандай бағдарламалар аса жоғары сұранысқа ие болғанын, интернет қолданушыларымен жасалған кері байланысқа сараптама жасадық.

2022 жылғы қарашаның 28 күнінен бастап журналистика саласында жұмыс істейтіндер мен істемейтіндер арасында сауалнама жүргізілді, сауалнама 3 күнге жуық уақыт созылды. Жиналған ақпаратқа сәйкес анализ жасалды. Сауалнамаға барлығы 15 адам қатысты. Оның ішінде журналистика саласында жұмыс істейтіндері де, қатысы жоқтары да бар. Олардың жауабы сараланып алынды. Сауалнама қорытындысы бойынша статистикалық талдау жасалды. Респонденттердің жынысы әр түрлі. Жас ерекшеліктері де бөлек. №1 кестеде көрсетілгендей, сауалнамаға қатысқандардың 6,7% - 18 жасқа дейінгі азаматтар, 46,7% - 35 жасқа дейінгі азаматтар, 20% - 50 жасқа дейінгі адамдар, 20% - 63 жасқа дейінгі адамдар, ал қалған 6,7% - 64 жастан жоғары азаматтар.

№1 гистограмма. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің жас ерекшелігі.

Жасыңыз нешеде?

15 ответов




Сауалнамаға қатысқан респонденттердің ішінде медиаға қатысы барлары да, мүлдем басқа саланың адамдары да бар. Гистограммаға сүйенсек, сауалнамаға қатысқан адамдардың 26,7% - журналистика саласында жұмыс істейтін адамдар, ал қалған 73,3% - басқа саланың адамдары.

№2 гистограмма. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің журналистикаға қатысы бар-жоғының көрсеткіші.

Журналистика саласында жұмыс істейсіз бе?

15 ответов




Сауалнама барысында ұлттық арнаның әлеуметтік желідегі парақшаларының біреуіне болсын тіркелген респонденттер анықтау маңызды болды. Жүргізілген сауалнамаға қатысқан респонденттердің 80% - ұлттық арнаның әлеуметтік желідегі бір парақшасына болсын тіркелген екен. Ал қалған 20% ұлттық арнаның әлеуметтік желідегі бірде-бір парақшасына тіркелмеген болып шықты.

№3 гистограмма. Ұлттық арнаның әлеуметтік желідегі парақшаларына тіркелгендер саны.

"Қазақстан" ұлттық арнасының әлеуметтік желідегі парақшаларының біреуіне болсын тіркелгенсіз бе?

15 ответов




Осы сауалнамаға қатысқан адамдардың ұлттық арна парақшаларына баға беруі маңызды болды. Сол себепті респонденттер ұлттық арнаның Instagram, Facebook, TikTok, Telegram парақшаларына 5 баллдық жүйе бойынша дауыс берді.

№4 гистограмма. Респонденттердің ұлттық арна парақшаларына берген бағасы.

Ұлттық арнаның әлеуметтік желідегі парақшаларына баға беріңіз.

[Копировать](#)



БАҚ пен әлеуметтік желі деген феномен күні бүгінге дейін толық зерттеліп бітпеді. Әлеуметтік желілер БАҚ-ты тек бірсыпыра толықтырып отырады, оның басты көмекшісіне айналды. Осылайша, әлеуметтік желілердің адам өміріндегі ерекше орын алатын құбылыстардың бірі екені белгілі болады. Интернет бүгінгі күндегі тіршіліктің ажыратылмас бөлшегіне айналды. Өмірге деген көзқарас өзгерді, өмірдің мәні өзгерді. Шынайы әлем мен виртуалды әлемнің шекаралары бұзылды. Әлеуметтік желілердің арқасында адамзатқа бүкіл әлем ашылды, жер жаһанның барлық түрлі ақпаратына қол жеткізілді, арақашықтыққа қарамай, қазір 24 сағат бойы әлемнің кез келген түкпіріндегі адаммен хабар алмасуға

мүмкіндік бар. Арнайы қосымшалардың арқасында қолданушы байланысқа шыққан адамды көріп, ести алады. Интернеттің адамзатты тұзаққа түсіргендігін және виртуалды шындықтың шынайы өмірді жеңгендігін толықтай растауға болады. Күн өткен сайын әлеуметтік желілер көбейіп келеді. Ескілерінің орнын жаңалары басып келеді. Ғылыми мақалада «Қазақстан» ұлттық арнасының әлеуметтік желілеріндегі парақшаларына зерттеу әдістері арқылы талдау жасалды. Бүгінде журналистердің, медиа мамандарының алдында үлкен жауапкершілік тұр. Әсіресе, қазақ тілді контентпен жұмыс істейтіндердің арасында. Себебі оның қолданылу аясы тар, насихаты төмен. Білетіміздей, кез келген арнаның әлеуметтік желідегі парақшаларында орыс тіліндегі контент көбірек оқылады. Міне, осындай олқылықтарды жою, қазақ контентінің аясын кеңейту журналистердің міндетіне айналары сөзсіз.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Дастан Ақаш. Қазақстан мен Оңтүстік Кореяның стратегиялық ынтымақтастығы талқыланды// «Егемен Қазақстан» газеті. Сеул, 2019.
2. «Қазақстан» ұлттық арнасының YouTube арнасы [электронды дереккөз]. 2022. URL://<https://www.youtube.com/@QazaqstanTV>
3. «Қазақстан» ұлттық арнасының Facebook парақшасы [электронды дереккөз]. 2022. URL:// <https://www.facebook.com/qazaqstantv?mibextid=LQQJ4d>

ӘОЖ 070

### **ОРАЛХАН БӨКЕЙ ПУБЛИЦИСТИКАСЫНЫҢ ТІЛ-СТИЛЬДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Раимбеков Самат Жандосұлы**

[samat.anirainbow@gmail.com](mailto:samat.anirainbow@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

М067 – «Журналистика және репортерлық іс» мамандығының

2-курс магистранты, Астана, Қазақстан

**Ғылыми жетекшісі – Ғ.М. Ақсейіт**

Оралхан Бөкей қазақ публицистикасы мен әдебиетіне өзіне ғана тән жаңа тыныс әкелген ерекше тұлғалардың бірі, әрі бірегейі болып қала бермек. Оның қаламынан туған туындылары, оқырмандарының жүрегінен әрқашан орын таба біліп, жылы қабылданып, сол сәттегі қоғамның ғана емес, қазіргі жас оқырмандарымыздың да ой талқысына айналып жүргендігі өтірік болмас. Шытырман шығармаларының желісі әрқилы болғанымен ортақ белгісі автордың айрықша стилі. Ал сол стилінің қайдан және қалай қалыптасқанын аңғаруымыз үшін, Оралхан Бөкейдің шығармашылық жолын тереңнен, яки шығармашылығының тұңғыш қазығы қағылған кезінен бастап қарастырғанымыз жөн болмақ. «Мұзтаудың Мұзбалағына» айналған публицист, жазушы-драматург Шығыс Қазақстан Облысы, Қатонқарағай ауданындағы Шыңғыстай ауылында 1943 жылы дүниесігін ашқан. Шыңғыстай орта мектебін тамамдағаннан кейін 1963-1969 жылдар аралығында С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін сырттай оқи жүріп, 1965-1968 жылдар аралығында Большенарым ауданының «Еңбек туы» газетінде корректор, аудармашы, редактордың орынбасары, «Коммунизм туы» газетінде әдеби қызметкер болып еңбек жолын бастаған. Ал 1968 жылы республикалық «Лениншіл жас» газетінің шақыртуымен Алматыға келіп, журналистикамен қатар жазушылықты да бірге алып жүреді. 1974-1983 жылдары «Жұлдыз» журналының проза меңгерушісі болып, 1983-1991 жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінің редакторының орынбасары, ал 1991 жылдан бастап 1993 жылға дейін газеттің бас редакторы болып жұмыс жасаған[1]. Осылайша есімі әлемге